

# ***Жемістер***

6 СЫНЫП

**Биология пәнінің мұғалімі:**

**Балтабаева Замзагуль Кадырхановна**

## **Сабақтың тақырыбы: Жемістер**

### **Сабақтың мақсаты:**

Оқушыларға жемістің түрлерін таныстыру,шырынды және жемістерді ажырата білу, жемістердің емдік қасиеті мен пайдасын білдіру.

### **Сабақтың міндеттері:**

**а)білімділік:** Оқушыларға жемістің түрлерімен,құрылысымен таныстыра отырып,жемістердің ұқсастығымен айырмашылығын білуге үйрету.

**в)тәрбиелік:** Оқушыларға экологиялық, экономикалық, эстетикалық тәрбие бере отырып оқыту.

**б)дамытушылық:** Осы бөлімдер арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту, денсаулығын күтуге үйрету, пайдалы тамақты таңдай білуге дағдыландыру,тілі дамыту,сөздік қорын молайту.

**Сабақтың түрі:** Аралас

**әдісі:** түсіндіру , сұрақ-жауап

**Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, валеология, география т.б

**Көрнекілігі:** слайдар, интерактивті тақта, муляждар, сызбанұсқа.

**Сабақтың барысы:**

**I Ұйымдастыру кезеңі.**

1.оқушылармен сәлемдесу;

2.сынып тазалығын тексеру;

3.оқушыларды түгелдеу:

4.психологиялық қалыптастыру (зейінін аудару).

► Менің көңілім жақсы.



► Мен сабақты жылдам орындаймын.

► Мен сабақты жақсы оқимын.



► Менің жазуым жақсы.

► Менің тәртібім жақсы.





# Сұрақтар

- *Жынысты көбею деген не?*
- *Тозаңдану түрлері қандай?*
- *Өздігінен тозаңдану дегеніміз не?*
- *Айқас тозаңдану дегеніміз не?*
- *Ұрықтану жолын түсіндіріңіз.*



# *Мүшелер*

```
graph TD; A[Мүшелер] --> B[Вегетативті (өсімді)]; A --> C[Генеративті (көбею)]; B --> B1[Тамыр]; B --> B2[Сабақ]; B --> B3[Жапырақ]; C --> C1[Гүл]; C --> C2["? Жеміс"]; C --> C3["? Тұқым"];
```

*Вегетативті*  
*(өсімді)*

✓ *Тамыр*

✓ *Сабақ*

✓ *Жапырақ*

*Генеративті*  
*(көбею)*

✓ *Гүл*

? *Жеміс*

? *Тұқым*



# Жемістер





**Жемістер**

**Шырынды**

**Құрғақ**

**Жидекті жеміс**

**Жидек тәрізді**

**Сүйекті  
шырынды  
жеміс**

# Шырынды жемістер



**Алма**



**Шие**  
(сүйекті шырынды)




**Алхоры**  
(сүйекті шырынды)



**Жүзім**  
(жидек)

**Қарлыған**  
(жидек)





# Құрғақ жемістер




Қауашақ (мақта)



Бұршаққап  
(асбұршақ)



Бұршаққын  
(қырыққабат)




Бұдай дәнегі



Тұқымша



Емен жаңғағы



Қанатша (үйеңкі)

## ***Жидекті жеміс***



***Жүзім  
(жидек)***



***Қарлыған  
(жидек)***



***Қызанақ  
(жидек)***



## *Жидек тәрізді*



**апельсин**

**мандарин**



**лимон**

## *Сүйекті шырынды жеміс*



**Шие**  
*(сүйекті шырынды)*



**Алхоры**  
*(сүйекті шырынды)*



**Алма жемісінің түзілуіне жатыннан басқа гүлтабаны, тостағанша мен күлтенің түбі, аталықтың төменгі бөлігі қатысады. Алма 5 ұялы жатыннан дамиды, жемісінің ішкі бөлігі қатты болады, әр ұясында 2 ден тұқым орналасады. Сыртқы қабаты шырды. Сондықтан алма өзінше “алма жеміс” деп аталады. Алма жеміске: алма, алмұрт, беже, т.б. жатады**



**Асқабақтар тұқымдасына жататын өсімдіктердің жемісі жидек тәрізді делінгенмен, өз алдына асқабақты жемістер деп аталады. Оларға қияр, қарбыз, қауын, асқабақ жатады.**

**Асқабақ**



**Қауын**



**Қарбыз**



# Құрғақ жемістер




**Қауашақ (мақта)**



**Бұршаққап  
(асбұршақ)**



**Бұршаққын  
(қырыққабат)**




**Бидай дәнегі**



**Тұқымша**



**Емен жаңғағы**



**Қанатша (үйеңкі)**

# Құрғақ жемістер



**Бұршаққап  
(асбұршақ)**

1. *Бұршаққап* – бір ұялы, тұқым саны біреу немесе бірнешеу болатын құрғақ жеміс. Тұқымдары жеміс жақтауының жиегіне бекиді. Піскенде екі жағындағы жіктері (тігістері) өздігінен қақырап ашылып, тұқымдары сыртқа шашылады (асбұршақ, беде).



# Құрғақ жемістер



**Бұршаққын  
(қырыққабат)**

2. *Бұршаққын* – қос ұялы, ішінде ұзынша тартылған жұқа жарғақты пердесі бар. Тұқымдары пердеге бекінеді. Піскенде жемістің қос жақтауы төменгі жағынан бастап қақырайды. Жемістің бұл түрі қырыққабат, шомыр, шалқан да болады. Ұсақтау түрі бұршаққынша деп аталады.


# Құрғақ жемістер



**Қауашақ (мақта)**

3. *Қауашақ* – бір үш, бес және көп ұялы, көп тұқымды. Түріне қарай қақырау жолы да түрліше. Мысалы, мендуанада қауашағының қақпақшасы ашылады. Сасық мендуана, сүттіген, шегіргүлде, қызғалдақта жіктері шытынап, ұзынынан жарылып қақырайды.


# Құрғақ жемістер



*Қанатша (үйеңкі)*

*4. Қанатты жеміс – жеміс серігінің біраз бөлігі жұқарып, қанатқа айналған. Жел арқылы таралады (үйеңкі, шегіршін, қайың, шаған және т. б.).*

# Құрғақ жемістер



*Бидай дәнегі*


*5. Дәнек – бір тұқымды жеміс. Тұқымы жеміс серігімен тұтасып бірігіп кеткен. Бидай, жүгері, арпа, тары, күріш жемістері дәнек деп аталады.*

# Құрғақ жемістер



6. *Тұқымша* – дәнектен айырмашылығы жеміс серігі тұқымымен бірікпеген. Көбінде үлпек айдаршасы болады (бақбақ, күнбағыс, қалуен, өгейшөп, тавсағыз, кекіре).

# Құрғақ жемістер




**Емен жаңғағы**

## 7. Жаңғақ жемістің жеміс

серігі ағаштанып қатайып кетеді. Тұқымдары жеміс серігімен біріктей бос жатады (емен жаңғағы, жаңғақша және т. б.).

# Жинақталған жемістер



51-сурет. Жинақталған жемістер.


**8. Жинақталған жемістер.** Жинақталған жемістер (сборные плоды) бір-бірімен бірікпеген күрделі көп аналықтардан түзілген. Құлпынай (клубника), итмұрын жемістері шырынды болып көрінгенімен құрғақ, көп жаңғақшалы жинақталған жеміске жатады. Жаңғақшалары шырынды гүлтабанының (гүлтұғыры) ішінде жеке-жеке орналасады.



# Дәрумендер



*Витамин деген терминді 1912 жылы поляк ғалымы К.Фрунт ұсынған. Ол латынның “vita”- өмір, “amin”- қажетті деген сөздерінен тұрады*





## Жемістердің пайдасы.



### Медицинада

*Дәрі-дәрмек, дәрумендер, эфир майлары*

### Ауылшаруашылығында

*Бау-бақша, егін өнімдерін алады.*

### Тамақ өнеркәсібінде

*Тосап(варенье), көмпит, торт, сусын*

### Косметологияда

*Бояулар, крем, иіссулар, сусабын*

***Қабығы қатты, іші тәтті,  
Алайық таңдап, ол не?***



***Жер анадан нәр алған  
Тала елге таралған  
Ет –сүйектен жаралған  
Жейді оны таба алған.***



# Тест

**1 Бидай жемісі:**

А) дәнек      Ә) жидек      Б) жаңғақ

**2 Бұршаққапты құрғақ жеміс:**

А) Күнбағыс      Ә) картоп      Б) асбұршақ

**3 Күнбағыс жемісі.**


А) тұқымша      Ә) қанатты      Б) қауашақ


**4 Ішінде ұсақ тұқымдары бар жеміс:**

А) жаңғақ      Ә) жидек      Б) бұршақ

**5 Көпсүйекті жеміс:**


А) бүлдірген      Ә) шие      Б) шабдалы





# Үйге тапсырма:

**§26 (мазмұндау)  
№14 зертханалық жұмыс**



## №14-зертханалық жұмыс.

### Шырынды және құрғақ жемістермен танысу.

*Көрнекілігі:* өрік, шие, қияр, асқабақ, алма, алмұрт, таңқурай жемістері, картоп түйнегі, сәбіздің жемтамыры, шалғам (редиска), қырыққабат бұршаққыны, асбұршақ, үрмебұршақтың бұршаққабы, үйеңкінің қанатшасы, бидай дәнегі, күнбағыстың тұқымшасы, емен жаңғағы және т.б. (табылғандарын алу)

#### *Орындалатын тапсырмалар:*

1. Үлестірілген жемістерден шырындысын бір бөлек, құрғақтарын жеке бөліп алу.
2. Шырынды жемістердің сүйектісін бір бөлек, жидектерін бір бөлек ажырату. Сүйекті шырынды жемісті ұстарамен екіге бөліп суретін салу.
3. Жидек жемістінде ортасынан жарып ішіндегі тұқымдарын санау, сүйекті жеміспен салыстыру.
4. Картоп түйнегі, сәбіз, қызылшаның жемтамырларын жарып көріп жеміспен салыстырып, жеміс еместігіне көз жеткізу.
5. Құрғақ жемістердің түрлерін оқулықтағы суретпен салыстырып бір-бірінен айырмашылықтарын қарап, ішіндегі тұқымдарын санау, жемістің құрғақ екенін байқау.
6. Жұмыс соңында (үлгермесе үйде) кестені толтыру.

Өсімдіктің аты	Жемістер		Жеміс түрлері	Тұқым саны		
	құрғақ	шырынды		біреу	екеу	көп
Меңдуана	құрғақ		қауашақ			
Картоп		шырынды	жидек			
Өрік						
Бұршақ						
Шомыр						
Емен						
Бидай						

Ескерту: Үлгі ретінде толтыру әдісі берілді. Өсімдік аттарын жергілікті жағдайға байланысты өзгертіп алуға болады.